Бекітемін

№ 29 «Ай Керім» бөбекжай

бақшасының меңгерушісі

К.К.Сейдалиева

# «Кітаптардың сиқырлы әлемі»



## «Бәйшешек» І кіші тобы

## Қаңтар

**Тәрбиешілер: Куралова А.**

**Тұрсынбай Ұ.**

**Шымкент 2023ж**

Scanned by TapScanner

Мақсаты:
1. Кітапхана өмірімен таныстыру.
2. Білімің кітап арқылы берілетіндігін ұғындыру.
3. Кітапқа деген қызығушылықта арттыру, оны күтіп ұстауға үйрету.
Көрнекіліктер: білім, кітап туралы жазылған плакаттар, кітап көрмесі «Кітап деген бір әлем», жазушылар суреттері.

«Кітапты сүйіңдер, ол сендердің өмірлеріңді жеңілдетеді, ол өзіңді өзгені де сыйлауға үйретеді, ол ақыл – ойыңмен жүргізеді, бүкіл әлемге адамға сүйіспеншілік сезімімен қанағаттандырады» (Максим Горький, ұлы орыс жазушысы)

«Кітап дегеніміз – алдыңғы ұрпақтың артқы ұрпаққа қалдырған рухани өсиеті. Кітап оқудан тиылсаң ой ойлаудан да тиылар едік» (Ғабит Мүсірепов, жазушы, көсемсөзші, драматург)

«Білімнің бас құралы - кітап» (Ахмет Байтұрсынов, ақын, ғалым, түркітанушы, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері)

«Оқуды қойған адам – ойлауды да қояды» (Дени Дидро, француз ойшысы, жазушысы)

Сабақтың барысы:
Кітапханашы: Армысыздар оқушылар! Балалар, бізде бүгін ерекше сабақ. Бұл кітапхана сабағы. Біздің кітапхана мен 7 - сынып оқушылары бірлесіп дайындаған «Білім кілті – кітапхана» атты кітапхана сабағына қош келдіңіздер! Кітапхана сағатын А. Байтұрсыновтың мына өлеңімен бастағанды жөн көріп отырмын:
Балалар, бұл жол басы жаңалыққа.
Келіңдер, оқып, байқап қаралық та.
Соларды көре тұра қалалық па?
Даналық – өшпес жарық, кетпес байлық,
Жүріңіздер, іздеп, тауып алалық та?
Осы кезде үлкен кітап ұстаған оқушы кіреді:

Кітап: - Балалар мен сәл кешігіп қалдым - ау, деймін, кешіріңдер! Сендермен дос болып, қайтатыныма сенімдімін.

Кітапханашы: Қош келдіңіз, қымбатты достарымыз, жоғары шығыңыздар. Балалар! «Кітап»деген соз арапша «жазба», ал түрікше «дәптер»деген мағынаны білдіреді. Қазақ кітап баспасында 1800 жылы «Сейфұл – Мәлік» қиссасы деп аталатын тұңғыш қазақша кітаптар шыға бастады. Кітап – атадан

Scanned by TapScanner

қалған асыл мұра, көненің көзі, ескінің сөзі. Кітап әлемі – кітапхана. Ал, енді кітаптар мекені – кітапханамен танысайық.
Кітапхана сөзі грек тілінен алынған, кітаптар тұрағы деген мағынада
Балалар, кітапханада«Оқу залы», «Абонемент залы», «Оқырман формуляры» деген ұғымдар бар.
«оқу залында» оқырман өзін қызықтырған кітабын алып оқи алады, ал енді бізге керек кітапты кітапханада кімнің көмегімен табамыз?(Жауап)
- Дұрыс. Кітапханада кітапты кітапханашы апайдың көмегімен таба аламыз.
Сондай - ақ, балалар кітапханада «Абонемент» залы да бар, ол жердегі кітаптарды балалар үйге алып оқуларына болады.
Ал, оқырман формуляры – ол әр оқырманның куәлігі, оқушы алған кітапты кітапханашы оқырман формулярына жазады.

I Кітап: Мен – Кітап Ханшайымымын,
Иесі рухани әлемнің.
Әкелдім кітап патшалығының
Бәріңе жалынды сәлемін!
Ендеше балалар, бүгінгі мерекемізді жұмбақ айтудан бастайық.
Оймен, кәне өсейік,

Ал жұмбақ шешейік. (Оқушылар жұмбақты шешеді).
I. 1. Бірінші әріп - көзде бар, мұрында жоқ,
Екінші әріп - тісте бар, бұрымда жоқ,
Үшінші әріп - бетте бар, білекте жоқ,
Төртінші әріп – құлақта бар жүректе жоқ.
Бесіншісі –«П»әрпі ақырғысы
Жұмбақ шешкен баланың ақылдысы. (Кітап)
2. Бір нәрсе білмегенді білгізеді,
Өзіңді тұрсаң қарап күлгізеді.
Жалғанда әңгімесі сондай қызық,
Жаныңды оқи берсең кіргізеді. (Кітап)
3. Тілі бар, үні жоқ,
Өзін адам түсінген.
Жүрегі бар, қаны жоқ,
Сөйлеп тұрған ішінен. (Кітап)
4. Қабат – қабат қаттама,
Қаптамадан аттама.
Ақылын оның алабер,
Айытқан сөзін жатта да. (Кітап)

II Кітап: Білімнің атасы кітап. Сондықтан кітап, балаларға ақыл, кеңес береді.
– Кітап – ел мен жерді сүю, талапты кішіпейіл болуға, төзімділікке баулиды.

Scanned by TapScanner

Кітапханашы: Балалар, кітап қалай жасалатынын сендер білесіңдер. Кітап жасаған кезде адам көп еңбектенеді: редактор, автор, жазушы, суретші, содан кейін кітап баспаханадан басылып шығады,

Ал, балалар сендер оқырман болғандықтан, «Кітапты қолдану ережесін»есте сақтап жүріңдер

Балалар, кітапты жыртпай, кірлетпей, бүлдірмей таза ұстау - бәріміздің міндетіміз.

Кітаптың беттеріне сурет салмаймыз және суреттерін қиюға болмайды!

Тамақ ішкен кезде кітапты оқуға болмайды!

қолданамыз

«Кітап Ханшайымдардың» «Ескі кітап» деп аталатын көрінісі

Жалпы демалыс аяқталып, жаңа оқу жылы басталған кез болатын. Оқушылар мектеп кітапханасынан оқулық ала бастады. Ләйлә бірінші сынып бітіріп екінші сыныпқа көшкен. Ол мектептен оқулықтарын алып үйіне оралды.

Анасы оның қабағындағы кірбіңді байқап:

- Қызым не болды? Біреу ренжітті ме?
- Жоқ
- Енді не болды?
- Маған мұқабасын мыж - мыж ескі кітаптар берді. Осындай кітапты оқығым келмейді,- деп көзіне жас алды.

Анасы Ләйләнің қылығына күліп былай деді:

- Қызым, оған неге ренжисің, ақылы бар бала, жыртылған жерін желімдеп, тысын қаптап, жаңартып алды. Кітаптың сыртына емес, ішіне үңілу керек. Ол - әр адамның сырлас досы. Сондықтан оны күтіп ұстап, кейінгі іні - сіңлілеріңе берген жөн.

Анасының сөзін мұқият тыңдаған Ләйлә кітаптарын желімдеп ретке келтіре бастады.

Кітапханашы: – Ия достар, кітап қадірін білетін, жақсы балалар көбейе берсін!

II. «Шежіре» кезеңі.

Кітапханашы: Үлгі - сөзі атаның, үйренеміз мақалың - дегендей «Мақал - мәтел» сайысына көшеміз. Мен мақалдың сыңарын айтамын, сендер жалғастырасыңдар:

• Кітап – білім бұлағы,...(білім өмір шырағы)
• Кітапсыз білім жоқ, білімсіз...(күнің жоқ)
• Кітапсыз үй -...(жансыз дене).
• Күш – білімде, ал білім –...( кітапта)
• Артық ғылым кітапта,
Ерінбей...( оқып көруге).

Scanned by TapScanner

# Ата-аналар жиналысы №2.

## Хаттама №2.

Барлығы ата-ана 2

Қатысқаны-15

Қатыспағаны 5

Күн тәртібінде:

1. Үйлестіру кеңесі
Тренинг „Келісу" тренингі Психолог: Рустемова Ж. Л.

Кеңес: „Кітаптардың сиқырлы әлемі" кеңес беру. Тәрбиеші: Журалова А. Ж.

2. Сурет арқылы бала тілін дамыту пікір-сайыс тәрбиеші: Турсынбай Д.

3. Бала денсаулығы – ұлттың байлығы байланысты бюллетень
Медбике: Байлусаева Г.Ғ.

Тыңдалды:

Ата-аналарды жылы қарсы алып сәлемдесіп, үстел басына жайғастырып отырғыздым. Ата-аналармен психолог Жанат Латифбайқызы „Келісу" тренингін ұйымдастырып өткізді.
Топ тәрбиешісі Журалова Айсулу „Кітаптардың сиқырлы әлемі" тақырыбында кеңес өткізіп, суретті кітаптардың бала ойы, тілін

Scanned by TapScanner

• Наданмен дос болғанша,
....(Кітаппен) дос бол.

• Оқысаң озарсың...(оқымасаң тозарсың)

Кітапханашы:

Кітапты біздің қоғамымыздың әрбір адамы күнделікті тұрмысында пайдаланады. Одан ақыл - кеңес, тәлім - тәрбие, үлгі - өнеге алады.

Кітапты оқымайды сыйламаған,
Білімге жанын жанып қинамаған.
Өсірген кімнің болсын ой - өрісін,
Сол кітап бек ақылшы күнде маған.
Түлекті тәрбиелер кітап - мектеп,
Өседі сол кітаптан бұтақ көктеп.
Молайтып ақылыңды сан еселеп,
Береді білім нәрін кітап көптеп.
Ислам Шұғаев

Заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезовтің сөзімен айтқанда, «Кітап – әр адамның өмірлік досы». Сондықтан, балалар сендер кітаптарды оқып кітаптар мен дос боласыңдар деп ойлаймын. Осы мен балалар енді кітапхана қай жерде орналасқан және осында көп кітаптар бар екенің енді білесіңдер. Біз сендерді күтеміз!

Scanned by TapScanner

дамытуға ықпалы зор екенін
байқады.
Ата-аналар да өз ойларын айта
отырып, үйде де осындай суретті
ертегі кітапшаларын пайдалану
үстінсін дұрыс қабылдады.
Келесі мәселе, „Сурет арқылы бала
тілін дамыту" тақырыбында
пікір сайыс тұрғысын тәрбиеші
Жібек Түркенбай баяндама жасап,
ата-аналармен пікір алмасып,
Бала тілін қалай бейнелер арқылы,
түстерді ажырата отырып дамыту
керектігін түсіндіріп өтті. Әр ата-
-ана өз баласының қалам ұстауын,
сурет салуға деген қызығушылығы
тұрғысын пікір алмасты.
Соңғы мәселе бойынша, бүлдіршіннің
медбикесі Гүлбану Габиденқызы сөз алып,
„Бала денсаулығы - ұлттың байлығы
білімі" деген тақырыпта баяндама
оқыды. Балаларды суық кезінде қалай
киіндіріп, балабақшадан қашпай
көмек айтып. Қыс мезгіліндегі тұмау-
дан сақтану жолдарын баяндады.
Ата-аналар да бала денсаулығына ерекше
назар аударатындарын айтты.

Қорыт.

Бірінші мәселе бойынша, психолог
Ж.А. Рүстемова өткізген тренинг қызықты
өтті, қатысушылардың дем шоқтығы.
Келесі мәселе бойынша керектер айтылып
шығарылды, қатысушылардың дем
танылды.
„Сурет арқылы бала тілін дамыту"
тақырыбындағы баяндама өз деңгейінде
өтті, ұсыныс, пікір алмасты,
қатысушылардың деңгейінде болды.

Соңғы мәселе бойынша, медбике
Г.Г. Бейсуалбаеваның „Бала денсаулығы -
ұлттың байлығы" атты баян-
дама тыңдалып, қатысушылардың дем
танылды.

Шешім: Ата-аналар жиналысы
өз деңгейінде өтіп, жоғары деңгей-
лерде жалғасын.

Scanned by TapScanner